



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№81
(20554)



30 мамыр, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy.kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ



КӨКТЕМГІ НАУҚАН БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында көктемгі егін науқанымен танысу үшін «Дайындық Агро» ЖШС-ға қарасты егістік алқабын аралап көрді.

Аталған шаруашылық дәнді, майлы дақылдар өсірумен және мал шаруашылығымен айналысады. Иелігінде 15,8 мың гектар егістік алқабы, 4,2 мың гектар жайылымдық жері бар. «Дайындық Агро» директоры Біржан Шәймерденов биыл гектарынан 25 центнер өнім алуды жоспарлап отырғанын айтты.

Президент дикандаларын экспорттық сұранысы жоғары дақылдарды өсіруге бейімделгенін атап өтіп, шаруалардың еңбегіне оң баға берді.

Президентке көктемгі егін науқанының барысы жөнінде мәлімет берілді. Өңір басшысы Айдарбек Сапаровтың айтуынша, егістік алқаптарына минералды тыңайтқыш жеткізу, көктемгі егін жұмыстарына техника сайлау, дикандаларды жанар-жағармаймен қамтамасыз ету ісі жоспарға сай орындалып жатыр. Биыл облыс бойынша 4,5 миллион гектар жерге егін егіледі, оның ішінде 3,2 миллион гектарға дәнді, дәнді-бұршақты дақылдар, 960 мың гектарға майлы дақылдар, 353 мың гектарға мал азығын, 34,1 мың гектарға картоп, 6,2 мың гектарға басқа да көкөніс түрлерін егу жоспарланған.


Қасым-Жомарт Тоқаев егістік басында облыстың ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерімен әңгімелесті. Олар мемлекеттің тиімді қолдауы нәтижесінде шаруашылықтарын кеңейтуге мүмкіндік алғанын айтты. Ірі шаруашылықтар ауыл халқы жұмыспен қамтып қана қоймай, ауылдағы әлеуметтік бастамаларға да үлес қосып келеді.

Президент облыстың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен кездесу барысында ЕАЭО қызметінің басым бағыттары жөнінде пікірін білдірді. Жұырда Мәскеу қаласында ұйымның кезекті саммиті өтті.

2-бет

ӨНІРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

ТЕҢІЗ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС



ТҰЗ ТАТЫҒАН ТҰҢҒИЫҚ

Таяуда Аралдың тағдыры Парламент Мәжілісінде де сөз болды. Депутат Мархабат Жайымбетов Үкіметке жолдаған сауалында теңіздің жайы әлі оның тұрмағанын баян етіпті. Былтыр құны 4,5 миллиард теңгеге бағаланған «Көкарал бөгетін сақтап қалу» жобасы іске асырыла бастағаны белгілі. Осыған қарамастан, жағдай түзелді деуге ерте. Мәселен, қазір Солтүстік Арал теңізі тартылып, елді алаңдатып отыр. Елдің алаңдайтын себебі жок емес, өйткені бір теңіздің тартылуы бір емес, бірнеше проблема тудырады.

Сонғы 12 жылда теңіз көлемі 8,5 млрд текше метрге азайған, яғни, үштен бірі жоғалды. Бұл қарқын тоқтамаса алдағы ширек ғасырдың көлемінде толық құруы мүмкін екенін тағы жасыра алмаймыз.

Ең басты мәселелердің бірі — тұздың көбеюі болып тұр. Суы қашқан теңіздің орнынан көтерілген тұз бүкіл Орталық Азия елдерін экологиялық апатқа тартып барады. Жайымбетов осы тұста елеулеге болмайтын бір деректі айтты. Теңіз суының әр литріндегі тұздың көлемі 8-ден 13 грамма көбейген. Егер судың тұздылығы литріне 15 грамма жетсе, балықтар жаппай қырылады. Шыны керек, қазірдің өзінде Аралдың маңайында

өлген балықтың көп екенін ел айттып жүр. Экологиялық апат дегеннен шығады, алдыңғы жылы Арал ауданында болған қуаңшылық әлі естен кетпеді. Жайылымның 95 пайызына шөп шықпаған. Сырдария арқылы теңізге құятын Қамыстыбас, Ақшатау көлдері мен Кіші Арал жағалаудан 1,5 шақырымға дейін тартылды. Не керек, бұның бәрі манайдағы жұрттың әлеуметтік жағдайына да әсер етпек. Теңіз тартылғалы 3000-ға жуық балықшы табыссыз қалып, енді 9 балық өңдеу зауыты мен 14 шағын цехтың уақытша тоқтап қалу қаупі бар.

2-бет

Түркияның Жоғары сайлау кеңесі Президент сайлауының екінші турының қорытындысын жариялады. Бұл туралы «Анадолы» агенттігі хабарлады. Учаскерлерде 99 пайыздан

ЕРДОҒАН ТАҒЫ ДА ПРЕЗИДЕНТ БОЛЫП САЙЛАНДЫ

аса сайлау жәшігі саналды. Дауыс берудің нәтижесінде Президент Режеп Тайып Ердоған сайлаушылардың 52,16 пайыз дауысын жинап, қайтадан Мемлекет басшысы болып сайланды. Енді ол Түркияны 2028 жылға дейін басқарады. Ал Ердоғанның басты қарсыласы болған Кемал Қылычдароғлы сайлаушылардың 47,84 пайыз дауысын алды.

14 мамырда өткен сайлаудың бірінші турында кандидаттардың ешқайсысы 50 пайыз дауыс жинай алмаған еді.

Ердоған осымен тағы да Түркияның Президенті болып сайланды. Ол 2014 жылдан бері Мемлекет басшысы болып келеді. Бұған дейін 1994-1998 жылдары Стамбул қаласының мэрі, 2003-2014 жылдары Премьер-министр қызметін атқарды.

Ердоғанды Президент сайлауындағы жеңісімен құттықтаған әлем көшбасшылары қатарында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бар.

«Режеп Тайып Ердоғанды Түркияда өткен Президент сайлауының екінші кезеңіндегі жарқын жеңісімен құттықтаймын. Елдерімді тарихи достық және ынтымақтастық байланыстар біріктіреді. Осы жан-жақты ынтымақтастық стратегиясы одан әрі дами берсін», — деп жазылған Президенттің Twitter-дегі құттықтауында.

Сондай-ақ кеше Мемлекет басшылары телефон арқылы сөйлесті.

«СБ» ақпарат

ЕРТЕҢ – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ТАРИХ ҚАТΠΑРЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТТІ КЕЗЕҢ



Облыстық қоғамдық даму басқармасының және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұйымдастыруымен «Достық үйінде» «XX ғасырдың басындағы саяси қуғын-сүргін: зерттелуі және өзекті мәселелері тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Конференцияны қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары А.Қамбаров жүргізді.

— XX ғасырдың 1920-1950 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобаланы халқымыздың тарихындағы қасіретті кезеңде орын алған саяси оқиғалар тек қазақ халқына ғана емес, миллиондаған кеңес азаматтарын құрбан етті. Бұл қасірет Сыр жұртшылығын да айналып өткен жоқ. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, тоталитарлық жүйе жүргізген саясат салдарынан облыс бойынша 4038 отбасы қуғынға ұшырап, 1153 адам атылған екен.

1992 жылы құрылған Парламенттік комиссияның қорытындысы бойынша 1931-1933 жылдары ашаршылықтан қырылған қазақ халқының саны 2 млн 300 мың адамға жеткен, — делі ол. Жиын модераторы тарихтың ақтаңдақ беттерін ақтарып, халықтың тартқан қасіретін терендеті зерттеуде арнайы құрылған мемлекеттік комиссия жан-жақты жұмыс атқарып отырғанын атап өтті.

Конференцияға онлайн байланыс арқылы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры Л.Бердіғожин,

Манғыстау облыстық мемлекеттік архивінің бас сарапшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Нұрмаханова баяндама жасап, сол өңірлердің архив құжаттарынан табылған Қызылорда облысы азаматтарына қатысты деректерді бөлісті. Дәлірек айтсақ, үй-жайы, мал-мүлкі тәркіленіп, оған қоса ауыр салық төлемдерін арқалап, қуғынға ұшырап, Манғыстау жеріне көшірілген отбасылардың аты-жөні, құрамы жайлы сақталған деректер бар.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Ф.Тұяқбаев «Сыр өңіріндегі саяси қуғын-сүргіннің көркем әдебиеттегі көрінісі» тақырыбындағы баяндамасында Қарақұм көтерілісі жайлы архив деректерін ақтара келіп, көтерілістің жалпы мазмұнын жырға қосқан Сырдың тумасы Тәуекел ақын жайында ойын бөлісті. «Қарақұм көтерілісі» атты деректі шығарманы дүниеге әкелген жерлесіміз, тарихшы, жазушы А.Тілеуліевтің еңбегінде көптеген құнды мәліметтер айтылғанын, оның ішінде көтеріліске қатысушылар және оларды жазалау-

шылар жайлы нақты деректер қолданылғанын атап өтті. Сонымен қатар, ұлт зиялысы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына орай таяуда ғана жарыққа шыққан жазушы Б.Қойшыбайдың «Комиссар Жүргенов» романында саяси қуғынға ұшыраған Т.Жүргеновтің тартысты тағдыры баяндалғанын айта келіп, бүгінгі ұрпақ тарихымыздың осындай ашы шындығынан сабақ алуы қажеттігін алға тартты.

Қорқыт ата атындағы университеттің қауымдастырылған профессоры, PhD докторы Тағтай Жолдасұлы саяси қуғын-сүргін құрбаны болған дінбасылар жайлы деректерді назарға ұсынды. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві басшысының орынбасары Ж.Алтынбаевтың баяндамасында республикамызға 1937-1938 жылдары бірнеше ұлттың өкілдері жер аударылып, күштеп көшіріле бастағаны, оның алғашқы құрбандардың бірі Қиыр Шығысты мекендеген корей халқы болғаны айтылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға түрлі халықтарды

депортациялаудың жаңа кезеңі басталды. Балтық жағалауынан, Грузия, Әзербайжан, Армениядан 800 мыңға жуық кеңестік немістер Қазақстанға жіберілді. Облысымыздың Арал ауданына Молдовадан 40 отбасы, басқа аудандарға Балтық жағалауынан 2486, оның ішінде 1413 неміс отбасы көшіп келген. 1942 жылы 16 наурызда Қызылорда облыстық атқару комитетінің арнайы жер аударылған неміс ұлтын аудандар бойынша орналастыру, азық-түлік, тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы шешімі қабылданды. 1944 жылы Қызылорда облысына Солтүстік Кавказдан шешендер, ингуштар, Грузия территориясынан түріктер, Молдова АКСР-нан ондаған ұлттың өкілдері жер аударылды. Барлығы 6665 отбасы, 22383 адам. Осылардың ішінде көбісі Солтүстік Кавказдан келгендер еді. Олар 4416 отбасы, 15856 адам облысымыздың аудандарына бөлінді, — дейді Ж.Алтынбаев.

Конференция жиынында көтерілген тақырыптар бойынша Қорқыт ата атындағы университет профессоры Д.Сәтбай, жазушы Б.Ұзақбаев ой-пікірлерін білдірді.

КӨКТЕМГІ НАУҚАН БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

— Ресей Федерациясымен шекара бойында орналасқан Солтүстік Қазақстан облысының стратегиялық маңызы зор. Ресей – біздің серіктесіміз. Біз ЕАЭО аясында да, екіжақты деңгейде де келергісіз сауда мен тауар алмасу ісін қамтамасыз ету үшін тұрақты келіссөздер жүргіземіз. Жуырда Мәскеуде ЕАЭО Жоғары Кеңесінің отырысы өтті. Жиында, ең алдымен, өзара экономикалық іс-әрекет, интеграция, ынтымақтастық мәселелерімен айналысу қажеттігі туралы айтық. Сауда-саттық келергісіз жүргізілуі керек. Біз бірыңғай тауар нарығын құруға бар күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Қазақстандық жүк тасымалдаушылар тауарды Ресей нарығына да, үшінші мемлекеттердің нарықтарына да келергісіз және тиімді жеткізу үшін Ресей аумағындағы ішкі теміржол тарифтері қолжетімді болуға тиіс. Тағы да қайталап айтамын: ЕАЭО, ең алдымен, экономикалық интеграциямен, содан кейін басқа мәселелермен айналысу керек.

Идеология, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет салаларындағы мәселелер, әрине, назар аударуды қажет етеді. Бірақ басқа да платформалар бар. Онда біз барлық тиісті елдермен табысты ынтымақтастық орнатқанбыз. Сондықтан ЕАЭО, ең алдымен, 2015 жылғы Шартаға бекітілген міндетін орындайды деп сенеміз. Жақында Беларусь Республикасының Президенті Александр Григорьевич Лукашенко Қазақстанға одақтас мемлекетке кіруді ұсынды. Мен оның әзіліне лайықты баға бердім. Менің ойымша, бұған ешбір қажеттілік жоқ. Өйткені басқа интеграциялық бірлестіктер, соның ішінде, ең алдымен, Еуразиялық экономикалық одақ бар. Ядролық қарауға келетін болсақ, бізге бұл қару қажет емес. Себебі біз Ядролық қаруды таратпау туралы шарт пен Ядролық қаруды сынауға тыйым салу туралы шартқа қосылдық. Біз осы халықаралық құжаттар аясында міндеттемелерге адал болып қала береміз. Менің ойымша, осы кең Еуразиялық аймақтағы немесе үлкен Еуразиялық ынтымақтастық экономикалық бағыт бойынша дамуға тиіс, оған біз баріміз мүдделіміз. Нақты ортақ нарық құру керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына сапары аясында «Қызылжар-Сүт» фермасының жұмысымен танысты.

Президентке сүт фермасындағы сауын цехы және мал бордаққылау алаңы көрсетіліп, осы кешенде қолданылатын сүт өндіру технологиясы таныстырылды.

Тауарлық сүт фермасының бірінші кезеңі 2020 жылы іске қосылған. Былтыр кәсіпорынға 366 миллион теңге инвестициялық субсидия бөлінген, Германиядан симментал және голштин асылтұқымды ірі қара сатып алынған. Ферма 60 жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында «РимҚазАгро» ЖШС-нің қағаз өнімдерін шығаратын фабриканың жұмысымен танысты.

Өндіріс орнын аралап көрген Қасым-Жомарт Тоқаевқа фабрика жұмысының алғашқы нәтижесі туралы баяндалды. Кәсіпорын жылына 5 мың тонна қағаз өнімін өндіре алады. Құйылған инвестиция көлемі – 2,5 миллиард теңге. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жобаны субсидиялауға қаржы бөлінген.

Қағаз өнімдері фабрикасы – көпсалалы «Радуга» компаниясына қарасты кәсіпорындардың бірі ғана. Жалпы аумағы 37,7 гектар болатын индустриалық кешенде бұған дейін халық тұтынатын тауарлар мен азық-түлік шығаратын бірнеше кәсіпорын ашылған. Қазіргі кезде өмір халқын жыл он екі ай көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету үшін жылыжай құрылысы жүріп жатыр.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне барып, білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен және жоғары оқу орнын одан әрі дамыту стратегиясымен танысты. Солтүстік Қазақстан облысының орталығында жанадан бой көтерген Казак сазды-драма театрының ғимаратын аралап көрді. Қызылжар өлкесінің зиялы қауым өкілдерімен және қоғам белсенділерімен әңгімелесті.

1-бет

ТАҒАЙЫНДАУ ЕРНАР МАҚАЖАНОВ – ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы тағайындалды.

Осы уақытқа дейін департамент басшысы болған Серікжан Мырзалы басқа лауазымға ауысуына байланысты қызметтен босатылды. Жиында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Дархан Ғалымтайұлы Құрақбаев арнайы қатысып, департаменттің жанадан тағайындалған басшысы Ернар Әбсейітұлы Мақажановты таныстырды.

Аймақ басшысы Ернар Әбсейітұлының құттықтап, жана қызметінде абырой тіледі.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы атап өткен мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес. Мемлекет үшін маңызды істерді орындауда алдымызда бірлесіп атқаратын үлкен міндеттер бар.

Осы ретте, Ернар Әбсейітұлы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, қоғамда жемқорлыққа мүлде төбеушілік қағидатын берік орнатуға ықпал етіп, ұлттық жобалар аясында халықтың тұрмысы мен экономикалық әлеуетін жақсартуға бағытталған бюджет қаражатының мақсатты жоспарланып, әділетті жұмсалуды жолында табанды еңбек етеді деп ойлаймын. Ернар Әбсейітұлы жана қызметімен құттықтай келе, мемлекеттің басты міндеті – жемқорлықпен ымырасыз күресу арқылы оның тамырына балта шауып, зан үстемдігін орнатуға мүдделік танытады деп сенім білдіремін», — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жана департамент басшысын облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық сот төрағасы Әділхали Шығамбаев пен Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасы Мақсұт Нәлібаев құттықтады.

Ернар Мақажанов 1981 жылы туған, білімі жоғары. Еңбек жолын 2005 жылы желел бөлмешелері, оның ішінде Алматы, Солтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменттерінде (қаржы полициясы) қызмет етуден бастады. 2015-2017 жылдары ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Алматы қаласы және Жамбыл облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменттерінің басшысы лауазымдарында қызмет етті. 2017 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет органдарында басшылық қызметтер атқарып келді.

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРГЕН БАСШЫ ҚЫЗМЕТІНЕН БОСАТЫЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен жемісті азық-түлік ысырабына жол берген корпорацияның жұмысына тиісті баға берілді.

Еске салсақ, 26 мамыр күні әлеуметтік желіде кокос полигонна тоғылған жарамсыз көкөніс қалдықтары туралы бейнежазба таралды. «Байқоңыр әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы қалдықтар 25 мамыр күні жойылғанын растаған болатын. Мұны «азық-түлік сақталғанда өз салмағын жоғалтады, әл табиғи өзін-өзі жоғалту деп есептеледі» деп түсіндірді.

Аймақ басшысы бұл корпорация басшысының қателігі екенін, ысыраптың алдын алуға болатынын айтты.

«Самат Нұрахметұлы, шынында, бұл әрекет тұрғындардың ашу-ызасын туғызды. Мәселенің бұрыннан бар екенін біле тұра,

ИСАТАЙ АҢСАТ – ОБЛЫСТЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен актив отырысында облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жаңа басшысы тағайындалды.

Облыс әкімі аппаратының бірінші конкурстық комиссиясының шешімі және облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы лауазымына Исатай Сәбиұлы Аңсат тағайындалды.

Аймақ басшысы Исатай Сәбиұлы жана қызметімен құттықтап, алдағы міндеттерін атап өтті.

«Кейінгі жылдары өңірімізде мұнай-газ өндіру қарқыны төмендеп, шикізат көзі азайып келеді. Мұнай-газ секторына тәуелділіктен арылып, басқа да шикізат көздеріне бағытталған экономиканы әртарапандыру – басты міндетіміз. Өңір экономикасын өркендетуде шағын және орта кәсіпкерліктің әлеуетін көтеру аса маңызды. Кәсіпкерлік субъектілерінің экономикаға үлесін арттыру, халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалану кезек күттірмейді. Исатай Сәбиұлы білімі мен түрлі салаларда жинаған мол тәжірибесін күрделі де жауапты қызметті мінсіз атқарып, өңірдегі кәсіпкерлік саласын дамыту мен өнеркәсіпті өркендетуге жұмсайтындығына сенімдіміз», — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Актив отырысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, облыстық сот төрағасы Әділхали Шығамбаев пен Қызылорда облысы аумақтық кәсіподақтар бірлестігі төрағасы Мақсұт Нәлібаев Исатай Сәбиұлының құттықтап, жана қызметінде сәттілік тіледі.

Исатай Аңсат 1972 жылы дүниеге келген. Қазак Политехникалық институтын «Есептеу техникасы, кешендері, тараптары және жүйелері», «Болашақ» университетін «Қаржы және несие» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1996 жылы «Сырдария мұнай өнімдері» акционерлік қоғамының инженер экспедиторы болып бастаған. 1997-2002 жылдары екінші деңгейлі банктер мен жеке секторда түрлі деңгейдегі лауазымдарда қызмет атқарған. 2002-2008 жылдары Қызылорда облысы әкімінің кеңесшісі, Астана қаласы әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар бөлімінің менеджерісі, 2008-2009 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әкімшілік департаментінің басқарма бастығы, 2009 жылдан бастап осы кезге дейін бизнес құрылымында басшылық лауазымдарда қызмет атқарған.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Облыста ерекше қауіпті зиянкестерге қарсы жүргізілген жазғы және күзгі мониторинг қорытындысымен биыл 53 мың гектардан астам жерге химиялық өңдеу жүргізілді. Аталған жұмыстар мамыр айының соңында басталып, маусым айы толық қамтиды. Егін мен жайылымның басты жауы саналатын шегірткені (азиялық) жоюға арнайы жұмыс тобы да құрылған. Сондай-ақ зиянкестерге қарсы іс-шара жұмыстарын бірлесіп атқару үшін көршілес Ақтөбе, Қарағанды және Түркістан облыстарымен ынтымақтастық келісім-шарт бар.

Зиянкестермен күрес басталды

Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы зиянкестерге қатысты дайындық жұмыстарын пысықтап, семинар-кеңес өткізді. Облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қожаниязов қатысқан жиын барысында шегірткеге қарсы препараттар мен техникалық жадықтықтар таныстырылды.

— Биыл шегірткеге химиялық өңдеу жұмыстары жоспарға сай жүретін болады. Облыста осы зиянкестер түрін екіге бөліп қарастырамыз. Азиялық және италиялық прус деп бөлінетін жәндіктердің егін мен жайылымға зияны көп екені белгілі. Енді соның ішінде италиялық пруска қарсы биыл 6980 гектар жер өңделсе, азиялық шегірткеге қарсы 46700 гектар жерге арнайы препарат себіледі. Бұған республикалық бюджеттен бөлінген қаржымен өңдеу жұмыстарына қатысатын мердігерлер белгілі болды. Техникалар мен өзге жадықтықтары дайн. Сонымен қатар, комитет арқылы бөлінген препараттар өңірге жеткізілді. Осы жиында әр ауданға баратын техника мен дәрілік препараттардың бөлінісі белгілі болады. Қазір азиялық шегіртке пен италиялық прустын оянуы басталды. Сондықтан барлық аудан бойынша бір ай өңдеу жұмыстары толассыз жүргізіледі. Өзірге барлығы бақылауда, — деді облыстық аумақтық инспекциясының басшысы Жаннат Дүзелбаева.

Айта кету керек, зиянкестерге қарсы күреске 3 арнайы жер агрегаты, 2 жеміш ұшақ (дельтоплан) және 1 ұшақ қатысады. Ал биыл саяхат шегірткелерге қарсы 46 мың гектардан астам жер бақылауға алынған. Бұл жұмыстарға 33 маман, 17 зерттеуші, 26 автокөлік қатыспақ. Сондай-ақ фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету үшін мамандарға қосымша көмек берілді. Ол үшін ауылдық округтер тарапынан «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық маусым» шеңберінде жастар тәжірибесі негізінде маусымдық жұмысқа 142 адам алынған.

Бұған қосымша ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянды организмдерден қорғау үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Облыс бойынша калифорниялық қалқанша самыры, жатаған у кесіре, арамсою және қауын шыбынына қарсы 2300 гектардан астам жер өңделуде. Бұл жұмыстарға да арнайы техника мен жадықтықтар қарастырылған.



ТЕҢІЗ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ТОЛҒАНЫС

Бұл мәселеде көрші елдермен мәміле жасай алмай келе жатқанымыз тағы рас. Халықаралық келісімдер бойынша, теңізге жыл сайын кемінде 3 млрд текше метр су келуі қажет. Бірақ көрші елдер судың бастауынан керегін алып, қалдығын ғана айдап отырғанға ұқсайды.

«Енді не істемек керек?» деген сауалға Мәжіліс депутаты төрт ұсынысын айтты. Қысқаша айтар болсақ, әуелі Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерімен вегетациялық кезеңде теңізге бөлек су лимитін белгілеп, «Фархад» су торабынан су жіберу мәселесін қарау қажет. Бұдан соң мемлекетаралық келісімді «кепілдендірілген келісім» статусына қою керек. Әйтпесе қазір келісім бар дейміз, алайда теңізге бөлінген лимиттің сақталуына бақылап отырған еш орган жоқ. Келесі кезекте «Қараөзек» арнасының бойындағы 3 су тоспаны қалпына келтіріп, ең бастысы — «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасына Дүниежүзілік Банктің қайтарымсыз гранты есебінен 1,5 миллион АҚШ долларына Солтүстік Арал теңізінің

1-бет

аумағын ұлғайтуды қолға алған аб-зал екен.

Осы тұста Қызылорда облысының әкімдігі де назардан тыс қалмайтыны белгілі. Жергілікті билік теңіз үшін қолдан келгенін бәрін жасап отыр. Негізгі проблема біроблыстың аясында, халықаралық дәрежеде ғана шешімін табатынын жоғарыда айттық. Әйтпесе әкімдік жыл сайын Аралға қыатын судың көлемін ұлғайтуға тырысып отыр. Мысалы, биыл қантар мен ақпанда теңізге 800 миллион текше метр су барған. Былтыр жыл бойы келген су көлемімен пара-пар. Арал теңізінің деңгейі 2022 жылдың қазан айымен салыстырғанда көктемде 48 сантиметрге артқан екен. Бұл да бір көңілге жұбаныш беретін тұсы.

«Осы уақытқа дейін Солтүстік Арал теңізіне жиналған су көлемі 27,0 млрд текше метрден, 18,5 млрд текше метрге азайып, су деңгейі 40,42 мБЖ (метр Балтық жүйесімен) дейін төмендеген болатын. 2022 жылдың қазан айынан бастап көктемге дейін теңіздегі су деңгейі 40,90 мБЖ (48 сантиметр) көтеріліп, жиналған су көлемі 19,7 млрд текше метрге ұлғайды», — деп жазылған Арал-Сырдария

бассейндік инспекциясының хабарламасында.

ТҮЙІНІ ЖОҚ ТАЛҚЫ

Арал үшін қанша жиындар, халықаралық форумдар өткенін білмейміз, әйтеуір талқы аз болмады. Талай мамандар тартысты, пікірлесіп, өз ойларын айтты. Бір ғана «Сырдария өзенінің арна-дар реттеу және Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру» жобасы аясындағы пікірталас соңғы 18 жылдан бері толастамай келеді. Былтыр Дүниежүзілік Банк грантынан қаржы бөлінген жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін ирандық «Yekom Consulting Engineers» консультанттық компаниясы жөніп алып, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетімен бірлесіп дайындап жатқаны мәлім болған. Жобаға 190 млн АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлінді деп күтілген. Жоба үш компоненттен тұрады. Біріншісі, Солтүстік Арал теңізі мен Сырдария бассейнінің су инфрақұрылымы мен гидрологиялық режимін жақсарту. Екінші компонентте Қызылорда облысының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әлеу-

етін арттыруға бағытталған бір-қатар жобалар қамтылған. Ал үшінші компонент су ресурстарын тиімді басқару, техникалық және институционалдық даму бағдарламаларын дайындауды қамтиды. Бұған қоса, «Көкаралды» 50 метрге дейін көтеру жайы айтылған. 2005 жылы салынған оның бөгеті қазір нашар екені айтылады. Ал келесі біреулер жанына өзге каналдар қазғанды күп көреді. Ақыры басқосударда мәселенің түйіні табылмай, жоба кейінге ысырылды. Осы секілді талай дүниелер сөз болды, бірақ іске келгенде бір қайнауы кем секілді көрінді. Өйткені 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджетте осы жобаны қаржыландыруға ақша қарастырылмаған.

КҮРІШТІКТІҢ ҚАЛАШЕГІ ҚАЛАЙ БОЛМАҚ?

Өңіріміз басқадан бұрын күрішпен аты шыққаны белгілі. Жалпы, елімізде егіске берілетін судың 28 пайызын күріш алқабы қамтиды. Сырдың суының біраз бөлігін күріш тартып алатыны жасырын емес. Қызылорда облысы жыл сайын шамамен 90 мың гектарға жуық күріш егеді. Кеңес заманында 60 мың гектар шегінен аспаған. Егістікті көбейте беру бір зардабын тартқызбай қоймағанының көрінісі — осы. Бұл жайды Экология министрлігі де ұғынды. 2021 жылы ведомство 2030 жылға дейін Қызылорда, Алматы және Түркістан облыстарындағы күріш алқаптарын 29 мың гектарға азайтып, сол арқылы жыл сайын 1 текше шақырым суды үнемдеу туралы шешім қабылдаған. Өңірге белгілі табиғат жанышары Сайлау-

бай Жұбатыров та осы көзқарасты құптады. «Биыл жыл басында теңіздегі судың біршама артқаны рас. Дегенмен сәуірде деңгейі қайта түсе бастады. Өткен жазғырдың 70-жылдары Аралда балық қырылып, кеме жүре алмаған еді. Сол қауіп енді Кіші Аралға тәншіп тұр. Жаңандық жылыну мен құрғақтылықтың белең ала бастағанын көзімізбен көріп отырмыз. Осы тұста теңізге тамшыдай болсын көмек ету үшін күріш алқаптарын азайту қажет-ақ. Әрине, күрішпен күн көретін адам көп, десек те оның орнына басқа да шаруашылықтарды дамытуға болады. Күріштің әр гектары өнімін бергенше 30-35 мың текше метр суды қабылдайды екен. Сонда қаншама суды шығындап жатқанымызды есептей берейік. Күріш егуді азайту қылмыс емес», — дейді ол.

Мадияр ТӨЛЕУ, журналист

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАН НӘР АЛАДЫ



Белгілі жырау, Жиенбай жыр мектебінің өкілі Серік Жақсығұлов жуырда Өзбекстан Республикасының Гүлістан қаласында өткен III халықаралық Бахшы-жырау фестиваліне қатысып, «Жоғары дәрежелі лауреат» (үшінші орын) номинациясын жеңіп алды. Отыз елдің жыраулары қатысқан өнер бәйгесінде жүзден жүйрік атанып, жүлделі орынды иеленген жыраудың бұл жеңісі Сыр мәдениеті мен өнеріне қосылған сүбелі үлес деп білеміз.

Сағыз ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

Дәстүрлі өнер қайбір халықтың да түп тарихымен сабақтасып жатыр. Мысалы, Шығыстың «Шахнама», «Көрұғлы» дастандары, қырғыздың «Манас» жыры, қазақтың «Алпамыс батыр», «Қобланды батыр», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Кенесары – Наурызбай» сияқты жыр-дастандары осының дәлелі. Оның бер жағында Сыр сүйелдерінің мұрасы өз алдына тұнып тұрған қазына. Ал осынау рухани құндылықтар әр халықтың сол дәуірдегі қоғамдық, әлеуметтік даму сипатын аңғарта келіп, ел мен жерді қорғаудағы күрескерлігін, сонымен қатар, салт-сана, әдет-ғұрпын, мәдениеті мен өнерін, тұрмыс-тіршілігін, жалпы айтқанда, ұлттық ұстынын сол алдымызға әкелді. Әлбетте, дәстүрлі өнерді насихаттау арқылы сол бабалардың асыл мұраты, аманаты бүгінгі күнмен ұштасып жатады.

Жоғарыда айтқан Бахшы фестивалінің де түп-төркіні – түркі елдерінен дәстүрлі жыраулық өнерді насихаттай отырып, ғасырлардан үзілмей жалғасып келе жатқан жауһар туындыларды бүгінгі жыраулар, жыршы, шайырлар арқылы қайта жаңғырту. Айтпақтай, 2019 жылы Сырдан шыққан белгілі жырау Ұлжан Байбосынова осы өнер додасының бас жүлдесін иеленген болатын. Қатысушылардың айтуынша, фестивальде орындалған жыр, дастандардың мазмұны да түбі бір түркі жұртының асыл мұратын айқындалып түсетіндей. Осы тұста Н.Бексезенов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры басшысының шығармашылық жөніндегі орынбасары, ҚР Мәдениет саласының үздігі, фестивалдің биылғы жүлдегері Серік Жақсығұловты сөзге тарттық.

— Өнер сапарымен Өзбекстан мемлекетінде өткен Бахшы-жырау фестиваліне қатысып, жүлделі оралдым. Бұған дейін де Ресей, Венгрия, Түркіменстан, Түркия, Әзербайжан елдерінде концертте болып жүрсем. Жалпы қазіргідей ғылым мен технологиядан бастап, мәдени құндылықтарға дейін жаһандан бастаған уақытта халықтың дәстүрлі өнерге деген қызығары қандай?

— Биыл III рет байрағын көтерген Бахшы-жырау фестиваліне қатысып, ерекше рухани әсер алып, шабыттанып оралдым. Әсіресе, фестивальді ұйымдастырудағы жоғары деңгейдегі жұмыстар көңілімізді аударды. Өнер бәйгесі Өзбекстан мемлекетінің Сырдария облысы Гүлістан қаласында өтті. Сырдария өзенінің бастауы, яғни, жоғарғы ағысы сол жақта. Ал біз төменгі ағысының бойында орналасқанбыз. Жыр додасының осынау Сыр өзенінің бойында өтіп жатқаны, өнердің өлмейтінін, рухани құндылығымыздың мәңгі екенін еске салып тұрғандай. Екі жарым мың көрерменге арналған амфитеатрда ұйымдастырылған бахшы-жыраулар өнерін өзбек ағайындар үш күн бойы тамашалады.

— Сіз қай шығарманы орындадыңыз?
— Мен «Көрұғлы» дастанын орындадым. Бұл дастанды XIX ғасырдың аяғында Дүзбенбет жыраудың баласы Жиенбай ала келген екен. Жиенбай жыраудан бері қарай Көшеней, одан Рүстембек, Бидас, Арнұр жыраулар осы жырды бүгінге дейін саф қалпында сақтап жеткізген.

Осынау алқалы жиында аңғарғанымыз, қазақ дәстүрлі өнері, оның ішінде Сыр бойындағы сүйелдер мұрасы жоғары деңгейге көтерілген екен.

Осы орайда айтпақтай, Сыр елінде екі жылда бір рет өтетін дәстүрлі «Қорқыт және Ұлы дала сазы» халықаралық фестивалі бар.

Ең алғаш 2006 жылы ТҰРКСОЙ ұйымы бірлесіп түркітілдес елдердің ұлттық фольклорлық музыкалық өнерін дәріптеу, мәдени байланысты нығайту мақсатында бастау алған халықаралық фестиваль 2019 жылы бесінші мәрте өткізілді. Оған Түркия, Иран, Әзербайжан, Сербия, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тартастан, Башқұртстан, Саха республикаларынан және еліміздің әр өңірінен белгілі ғалымдар мен өнер иелері, шығармашылық ұжымдар қатысқан.

— Қандай ой-пікір түйіндедіңіз?
— Біріншіден, халықаралық фестивалдің негізгі мазмұны сақталуы керек. Мысалы, қатысушылар өз мүмкіндігін барынша көрсете алатындай бірнеше күнге ұзаққан өнер жәрмеңкесі болғаны жөн. Жырдың ең күрделі әрі мазмұнды түрі – қисса, дастандар. Олай болса, кешегі Тұрмағамбет, Жиенбай, Нұртуған, Балқы Базар, Нартай жыраулардың ізімен танды таңға ұрып жырау дәстүрін жаңғыртып, дастандар орындауда ережеге енгізу қажет деп ойлаймын. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақ-қырғыз айтыстарын қайта жалғастырып артқы болмас еді.

Бұдан бөлек, облыс деңгейінде жыраулар байқауының аясын ұлғайтып, аймақтағы әрбір жыр мектебінің жұмысы назардан тыс қалмай, лайықты насихатталуы керек. Сонда тыңдарманның да сұранысы артады. Айталық, Арқа, Жетісу өңірінде Жәнібек Көрменовтің, Әміре Қашаубаевтың атында жыр байқаулары өтеді. Жүлдесі де жоғары. Кете Жүсіп, Көшеней жырау атында байқаулар ұйымдастырып, оның ішінде аға буын жыраулар мен жас жыршылар арасында өзінше бөлек жыр жүйріктерін анықтауға көңіл бөлгеніміз жөн.

Жалпы Сыр бойында тек ел ішінде ғана емес, әлем назарына ұсына алатын дәстүрлі құндылықтарымыз бар. Тек соны заманауи талаптарға сай таспаға түсіріп, одан әрі ғылыми тұрғыда пайдаға жарата білесек болғаны. Осы жұмыстар мемлекеттің қолдауымен жүйелі жүргізіліп отырса, дәстүрлі қазақ-қырғыз тарихіміз тігістер ықпалы ұлан-асыр болмақ.

Мәдениет пен өнер – халықтың қазынасы. Тек сол қазынамызды көздің қарашығындай қорғай білуіміз қажет. Қорғай білу дегенде айтпағымыз, құжат күйінде қағазға түсіріп, қаттап жинап қою емес, жарқыратып дүйім елдің назарына ұсыну керек. Ұлт мәдениетін айшықтайтын туындылар әлем сахналарында орындалғанда, жас ұрпақтың жүрегін мақтанш кернеп, төл өнердің тәлімін бойына сіңіре білсе, бұл – үлкен жеңіс. Қысқасы, осы күні әрбірімізді толғандыратын ұлттық идеологияның да түп-тамыры осында жатқан секілді...

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Сыр бойындағы діни-ағартушылар мұрасын кешенді зерттеу» жобасы аясында XVIII-XIX ғасырларда Батыс Сібірдің бас имамы, Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысының рухани көсемі болған Марал ишан Құрманұлының (1780-1847 жж.) үлкен ұлы Қалмұхаммед (Қалқай) ишанның немересі Абдулхамит ишан Әбдірахманұлының (1905-1960 жж.) пайдаланған кітаптары зерттелді.

Әмит ишаннан қалған қазына

Ел ішіндегі деректерде Абдулхамит ишан туралы аңыз-әңсәнарлар сақталған. Оның бірінде Әбдірахман мақсұм Меккеге қажылық сапарында Осман сұлтаны Абдулхамитпен бірге қажылық парызын өтейді. Қазақ баласының білімдарлығы мойындаған Абдулхамит сұлтан Әбдірахман мақсұмға қажылық сапардан кейін Осман империясының астанасы Стамбулда қалып, діни қызметпен айналысуына өтініш жасайды. Алайда, Әбдірахман мақсұм бұл өтінішті орындай алмайтынын білдіріп, рұқсат сұрап, елге қайтуға дайындалады. Қоштасар сәтінде Осман сұлтаны мақсұмға достығының бір белгісі ретінде ұлды болса, өз есімін беруге қолқа салады.

Сөйтіп, Әбдірахман мақсұм 1905 жылы дүниеге келген ұлына азан шақырып Осман империясының данқты сұлтаны, Еуропа билеушілерінің өзі мойындаған II Абдулхамиттің есімін қойған екен. Кейін қазактың тіліне ыңғайланып Әмит ишан аталып кетеді. Әмит ишан бес жасынан бастап Құран Кәрімді жүргізіп оқиды. Оң үш жасқа келгенше Сыр бойындағы белгілі Убайдулла, Бәжім, Иманалы молдалардан, кейін өзінің әкесі Әбдірахман мақсұмнан діни дәріс алады.

1926 жылы Бұқарадағы Көгелташ медресесін үздік тәмамдап, жан-жақты терең білім алып шығады. Араб, парсы, шағатай, түрік тілдерін еркін игеріп, діни әдебиеттерді оқып, қазақ тіліне аударма жасайды. Өзінің терең де жан-жақты білімдарлығының арқасында діни білім мен медицинаны үйлестіру арқылы тәбیب ілімімен науқастарды шөптен жасалған дәрілермен емдеп, жүйке ауруларын дұғамен оқып, екінші рет келмейтіндей етіп жазып жіберіп отырған.

Әмит ишанның аталас туысы Сүлеймен ишан: «Марал баба тірі кезінде «келешекте менен күдіретім дариған, кереметтерім мен қасиеттерімді қайта-айтағын ұрпақ келеді» деген. Марал бабаның көргенділігі дәл келіп, қасиеті шөбересі Әмит ишанға дарыды.


Кенес өкіметі орнаған уақытта Әмит ишан большевиктердің қысымына шыдамай, біршама уақыт шетелге кетуге

мәжбүр болады. Өткен ғасырдың 40-жылдарының аяғында қайта оралады. Өмірінің соңына дейін халыққа қызмет етеді.

Қазіргі таңда Әмит ишанның пайдаланған кітаптары Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі тікелей ұрпақтарының қолында сақталған. Жоба барысында музей қызметкерлері А.Сайлау, Л.Жалғасбайқызы және Қайрадігі Әл-Азһар университетінің оқытушысы, дінтанушы-ғалым Мәлік Төлебайдың қатысуымен араб-парсы тілдерінде жазылған 4 кітаптың қазақ тіліне жалпы мазмұндары аударылып, электронды көшірмесі музей қорына алынды. Бұлар – имам әл-Бәззая, имам әл-Махбуби, имам әл-Кидани және башқұрт қайраткері Мұхаммед Мұрад Рәмзидің еңбектері.

Талфик әл-Ахбар кітабы. Еңбектің авторы башқұрт ұлтынан шыққан ислам дінінің көрнекті өкілі, тарихшы Мұхаммед Мұрад Рәмзи (1855-1934 жж.). Ол аталған еңбекті 1892-1907 жылдар аралығында жазып бітіреді. Троицк қаласындағы Рәсулия медресесінің ректоры, ұлты башқұрт Шейх Зайнулланың қаржылай демеушілігімен Орынборда 1908 жылы «Каримов, Хусанов және К» баспаханасында жарық көреді. Көп ұзамай билік тарапынан «Автордың христиандар әлеміне және жалпы орыстың бәрине арам пияғы және жеккөрушілік қатынасы» деген желеумен тәркіленеді. Алайда, келергілерге қарамастан кітап Шығыс елдеріне тез тарайды. Көлемі 270 бет. Кіріспеле түркілердің шығуы мен даму тарихы және олардың көршілермен қарым-қатынасы баяндалады. Бірінші бөлімінде Еділ Бұлғариясының тарихы және оның моңғолдар жаулап алғанға дейінгі халқы сипатталады. Екінші бөлімінде моңғол шапқыншылығы, Алтын Ордадың құрылуы және олардың исламды қабылдау тарихы қамтылады. Үшінші бөлімінде орыс патшасы Иван Грозныйдың Қазанды жаулап алуына дейін және оның кезінде болған оқиғаларды сипаттайды. Төртінші бөлімде орыстар татар-башқұрт халқын жаулап алған сәттен бастап, қазіргі уақытқа дейінгі Қазан және оның

тұрғындарымен байланысты оқиғалар айтылады. Сонымен қатар, Мұрад Рәмзи жұмысының соңғы бөлімінде өз заманының жүзге жуық қоғамдық, саяси, діни, мәдени қайраткерлері туралы қысқаша биобиблиографиялық ақпарат беріледі.



«Әл-Жәми Уәлжүз» кітабы (5 том). Кітаптың авторы XIV-XV ғасырларда өмір сүрген ұлты түркі Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Жихаб ибн Юсуф әл-Кердери Хауарезми, лақап аты – Имам әл-Бәззая. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, ғалым Арал өңірінен шыққан. Юсуф әл-Кердери – Ханафи ағымының ұлы ғұламасы. Ғалым Осман империясы кезіндегі Қырым, Болгария және Сауд Арабиясында өмір сүрген. Кітап 6 томнан тұрады. Кейінгі баспадарда 2 томға біріктірілген. Біздің қолымыздағы кітап 6 томнан тұратын көне нұсқаның 5 томы, көлемі 256 бет. XX ғасырдың басында Египеттегі әл-Халаби баспасынан жарық көрген. Негізгі мазмұнына Ханафи ағымының шариғат заңдары, фикһ мәселесі, Ислам ғұламаларының оның ішінде Имам Әбу Юсуф (731-798 жж.), имам Хасан аш-Шайбанидің (749-805 жж.) діни нұсқалары, намаз, зекет, ораза, қажылық, неке, талақ, құлды босату, сауда-саттық туралы, жалға алу, қазылардың әдебі, куәлік беру, қылмысты мойындау, жазалау, өсиет, мұрагерлік, өкілдік, жетімді асырау, татуласу, қарызға алу, сыйлық алу, бірлестіктер құру, құрбан шалу, аң аулау шарттары, т.б. кірген.

«Хуласи әл-Кидани» кітабы. Діни еңбектің авторы XIV ғасырда өмір сүрген көрнекті ғалым Лутфулла ән-Насафи әл-Кидани. Ғалым Өзбекстанның бұрынғы Насаф (қазіргі Қаршы қаласында) дүниеге келіп, 1349 жылы дүниеден өтеді. Кітап 1893 жылы Ташкентте басылған. Лутфулла моғолдар кезінде бірте-бірте жоғалып бара жатқан фикһ ілімін жаңаландыруға тырысқан. Сол себепті де оң еңбектерінде ғибадат мәселелерін көбірек сөз еткен, көлемі



140 бет. Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, кітап көлемді болмаса да, мазмұны терең болып саналады. Әл-Киданидің еңбегіне үш ғалым түсіндірме (шарх) берген. Біріншісі – Бадруддин ибн Ибрагим әл-Астархани, екіншісі – Мұхаммед Әмин ибн Мұхаммед Хусейн әл-Хасими, үшіншісі белгісіз. Бұл еңбекті көбінесе Үндістан мұсылмандары пайдаланған.

«Мұхтасар әл-ухаяа фи масал әл-Ихтияд» кітабы. Кітаптың авторы XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген Убайдулла бин Масуд бин Махмуд бин Ахмад әл-Махбуби (қайтқан жылы 1346 ж.). Ислам әлемінде ғалымды «Солруш-шариаһ» яғни «заңның төресі» деп атаған. «Мұхтасарлы ухаяа» Убайдулланың атақты еңбегі саналады, көлемі 100 бет. 1895 жылы Санкт-Петербург қаласында арнайы цензуранан өтіп, 1896 жылы Қазан императорлық университетінің типо-литографиясында жарық көрген.

Кітапта Ханафи ағымы бойынша мұсылмандардың күнделікті өмір сүру ережелері баяндалған. Кітап 49 бөлімнен тұрады, негізгілері – «Тазалық кітабы», «Дуға кітабы», «Зиярат кітабы», «Неке кітабы», «Талақ кітабы» және «Татуласу кітабы». Кітаптың ерекшелігі фикһтың барлық тармағы қамтылып, жаттауға арналған. Жарық көргеннен бері Орта Азия медреселерінде шәкірттердің білімін ұштап келе жатқан оқулық болып табылады.

Қорыта айтқанда, жоғарыда аталған еңбектер – Әмит ишанның ұрпақтарында сақталған құнды жәдігерлер. Жоба барысында алдағы уақытта Сыр бойындағы діни ағартушылар пайдаланған сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар құпиясы ашыла түсетіні анық.

Л.ЖАЛҒАСБАЙҚЫЗЫ, облыстық музейдің ғылыми қызметкері

Журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы байқау туралы ЕРЕЖЕ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Журналист Сағитжан Бермағанбетов атындағы сыйлықты иеленушілерге арналған «Ең үздік жас журналист» байқауы облыстық деңгейде ұйымдастырылады.

2. Байқаудың үйлестірушісі және ұйымдастырушысы «Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы» КММ.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

3. Жас журналистердің шығармашылығының дамуына қолдау көрсету.

4. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту.

БАЙҚАУ ТӨМЕНДЕГІ ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНАДЫ

1) «Жаңа Қазақстан» сөзінің мағынасын ашу.

2) Заманауи медиа және бүгінгі журналистиканың келбеті.

3) Тамыры терең, тарихы кенен - Сыр елі.

Материал бағытын өзгертпестен тақырыбын өзгертуге болады.

БАЙҚАУДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОҒЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5. Байқауды ұйымдастырып, өткізу мақсатында Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы жанынан комиссия құрылады. Комиссия құрамын Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы бекітеді.

6. Байқау 2023 жылғы 28 мамыр мен 20 маусым аралығында баспа БАҚ-та жарық көрген жарияланымдарды, эфирден өткен хабарларды қамтиды.

7. Байқауға жасы 35 жасқа дейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін тілшілер мен тәуелсіз каламгерлер қатыса алады.

8. Байқау материалдары жарияланған күйінде (газет-журналдар беттерінде, бейне және аудиотаспалар түрінде, интернет-ресурстарда) тиісті баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жетекшілерінің ұсынысы бойынша қабылданады.

9. Байқау материалдарын сараптау барысында тақырыптың өзектілігі және мазмұны, мазмұнның ашылу тереңдігі, шынайылығы, жанрлық шарттарға сәйкестігі, жана әдістерді қолданысқа енгізе білуі, тілі және стилінің ұғынықтылығы, журналистік шығармашылық әдістерінің ерекшелігі, тың ақпаратты сараптау мен зерттеу әдістерін енгізе білу есепке алынады.

10. Байқауға қатысушылар комиссия хатшысына (Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі №1, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының

№313-бөлмесі, байланыс телефондары: 8 (7242) 60-53-21 мынадай құжаттарды қоса жібереді:

- 1) Төмендегі деректер көрсетілген өтініш:
 - автор туралы мағұлматтар /туған жері, күні, айы, жылы;
 - жұмыс немесе оқу орны, қызметі, тұрғылықты мекен-жайы, байланыс құралдары және 3x4 суреті.
- 2) байқау материалы жарияланған газет, журналдың көшірмелері (сканер арқылы), теле-радио бағдарламалардың DVD, CD форматтындағы дискілерге жазылған нұсқасы (қағазға түсірілген нұсқасымен бірге), интернет ресурс сілтемелері (скриншоттарымен бірге).
- 3) Байқауға жіберілген материалдар авторларға қайтарылмайды.
- 4) Байқауға ұсынылған материалдарды қазылау алқасы бағалайды.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ

13. Байқау үш кезеңнен тұрады.
 - 1) 2023 жылғы 28 мамырдан 20 маусымға дейін – байқауға қатысушылардан материалдар қабылдау;
 - 2) 2023 жылғы 21 маусымнан 23 маусымға дейін – материалдарды сараптау және жеңімпаздарды анықтау;
 - 3) 2023 жылғы маусым айының соңғы аптасы – байқау жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі;
 - 4. Байқау жеңімпаздары Қызылорда облысы әкімдігінің дипломатымен және сыйлықтарымен марапатталады.

80 ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ: ӘКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ



Қазақтың классик ақыны Жүмекен Нәжімеденовтің «Топырақ» атты ғажап өлеңі бар. Онда сөбі шыр етіп жерге түскенде түбі әлгі адамның қабрі қазылар тұстын топырағы әйтеуір бір белгі беруге тиіс деген ескі иланым туралы сөз болады. Соғыстан әкесі қайтпай қалған ақын сол өлеңін былайша аяқтайды:
— Түбі қайтып оралар-ау деп бізде, күттік, күттік – өтті, бітті қан майдан. Кім біледі...өкем сонау шалғайдан бір бүрк еткен топырағын кетті іздеп? Еуропа елдерінің өзінде екінші дүниежүзілік соғыс кезінде опат болған он жеті мың қазақтың денесі жерленген. Аты-жөндері де белгілі. Олардың туған-туыстарын іздегіру өз алдына бір бөлек жыр. Ал есімдері беймәлім күйде қалғандары қаншама? ...Сыр өңірінің тумасы Әбдірайым Жаманбаев соғысқа 1942 жылдың маусым айында ат-

танып, үш айдан соң қыркүйекте қаза табады. Сол уақытта артында қалған ұлы Алмас небәрі жеті жаста екен. «Қара қағаз» келгені болмаса оның қайда жерленгені кешегі күнге дейін белгісіз болып келді. Бірақ, ұлы үмітін үзбей әкесі туралы әйтеуір бір дерек табылар деп өмір бойы іздеумен болды.

Ақыры «Atamyn Amanaty» қоғамдық бірлестігінің арқасында үміті ақталды! Сексенін сегізін аяқ қасқан кезде өкесінің Ленинград майданында қаса тауып, алдымен Липки селосында, сосын Синяино елді мекеніндегі бауырластар зиратына қайта жерленгені туралы естіді.

Сол хабарды ести сала мамыр айының басында қасына қызы Күләшті ертіп, Алмас ақсақал Ленинград облысына аттанғанда тағы да жанынан «Atamyn Amanaty» табылды. Қоғамдық бірлестік Ресейдегі әріптестеріне алдын ала хабарласып, бара жатқан отандастарымызға мүмкіндігінше қолдау көрсетуді өтінеді.

— Осы итілікті істің басына қасында болған жергілікті іздегіру тобының өкілі Василий Бойкоға алғысымыз шексіз. Туған жердің бір ұсы топырағы ала келіп, қабір басында атамның рухына Құран бағыштап, бауырластар зиратында жатқан барлық боздақтардың ерлігіне тағзым еттік. Ең бастысы өкесінің өмір бойы арманы орындалды, — дейді Күләш Алмасқызы.

Енді Әбдірайым Жаманбаевтың бейнесі мен аты-жөні жазылған ескерткіш тастына бейіт басына орнатуды Василий Бойкоға аманаттап кетті. Ол болса орнатқан соң суретін салып жіберуге уәде берген көрінеді.

Біздің бір ұққанымыз – ерлік ешқашан ескірмейді. Ерте ме, кеш пе атамның аманаты да орындалады.

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ

«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ ұжымы Компанияның Талаптар мен талап қою жұмысы бойынша 2-санатты заң кеңесшісі Сырымов Әділ Нұралыұлына ардақты өкесі Сырымов Нұрылда Шәдібекұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Қызылорда облысының құрылғанына

85 ЖЫЛ

Қырқыншы жылдардағы ҚЫЗЫЛОРДА

Халық шығармашылығын дамыту. Сыр жеріндегі таланттарды тәрбиелеп, елге таныту мақсатында 1940 жылы 17 шілдедегі Еңбекшілер депутаттары Қызылорда облыстық Кеңесі және атқару комитетінің 2-сессиясында өнер ісі жөніндегі бөлім ашу туралы шешім қабылданды.

1941 жылы екінші дүниежүзілік соғыс басталып, мемлекеттік маңызы бар аса ірі өндіріс орындарының

лау фабрикасы, механикалық штамп зауыты келді. Донбасстағы Константиновка қаласынан эвакуацияланған Челоскин атындағы артель Қызылорда қаласына келіп орналасып, Мәскеуден эвакуацияланған түсті металдар фабрикасы Қызылорда қалалық өнеркәсіп комбинаты базасына орналастырылды. Судутөбе станциясына жіберілген КСРО Осоавиахим Орталық Кеңесінің №7 зауытын онда орналастыру мүмкін болмағандықтан, зауыт жабдықтары 1942 жылы 18 наурызда Жосалы механикалық зауыты базасына көшірілген. Украинаның біріккен

Майданға жақын аймақтардан адамдарды амалсыз эвакуациялау көптеген қиындықтар әкелді. Қызылорда облысына болгар, грек, еврей, кәріс, латыш, орыс, поляк, румын, татар ұлтының өкілдері келіп, оларды аудандар бойынша орналастыру, азық-түлікпен, тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы шешім қабылданды.

Ұлы Отан соғысында қызылордалық жауынгерлер де Отанға берген аянты адал орындай отырып, ел басына тускен сын сағатта өз борыштарын абыроймен атқарып, алдыны саптан табылды. Майданда көрсеткен



Ұлы Отан соғысының басталуы туралы хабарлама «Ленинський путь» газеті, 24.06.1941 ж. №146



Қызылорда плотина құрылысы, 1940 ж.

бірқатары Қызылорда облысына жөнелтілді. Жосалы станциясына бірнеше өндіріс орны – Харьков эмаль зауыты, Харьков майлау зауыты, электр лампаларын регенерация-

университеті (Киев және Харьков университеттері), Мәскеудің ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру институты, Қырым медицина институты Қызылорда қаласына орналастырылды.

ерлігі мен қаһармандығы үшін 21 қызылордалық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Облыстық архив қоры құжаттарынан

SERGEK Ойшылдар ойыны



«Нұрсәт» теннис орталығында «Аралбай Махамбетов мемориалы» шахматтан ҚР балалар кубогының 3-кезеңі басталды.

Шараны салтанатты түрде ашқан облыс әкімінің орынбасары Нұрмұбет Сақтағанов дөстүрлі түрде өтетін жарыстың өскелең ұрпақ үшін маңызы мен спорттың осы түрін жеткен жетістіктерге тоқталып өтті. Сонымен қатар, ҚР шахмат федерациясының вице-президенті, облыстық шахмат федерациясының президенті Марат Есенов өз сөзінде 11-рет өткізіліп отырған жарыстың бүгінгідей жоғары деңгейге жету жолын және отандық шахматтың жайкүйін баяндап берді.

Айтпақшы, жарыста еліміздің 16 облысынан келген 250-ден аса спортшы классика, рапид, блиц бойынша шеберлік байқасады. Дола 2 маусымға дейін созылады.

Бакудегі байрақты бәсеке

Әзербайжанның Баку қаласында 2-27 мамыр аралығында теннистен J60 Ваку Халықаралық турнирі өтті. Онда Қытай, Түркия АҚШ, Израиль, Өзбекстан, Пәкістан, Әзербайжан, Ресей, Белорусь және Қазақстаннан 70-ке жуық 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер бақ сынады.



Байрақты бәсекеде Сыр спортшысы Қозбақ Жақас пен қазақстандық Виталий Зацепин екеуі жұптық ойында чемпион атанды. Олар финалда түрік спортшыларын бірінші және екінші бөлікте 6/2, 6/2 есебімен ұтты.

Бір қызығы, қарсылас шақ келтірмеген екеуі жекегей сында финалда жолықты. Алайда екінші сетте Қ.Жақас айқын басымдықпен жеңіске жетіп, жарыстың абсолюттік чемпионы атанды.

Алда ол Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында өтетін халықаралық турнирге қатысады.

ХАТ ҚОРЖЫНЫНАН

Біз ауылданбыз. Ол өлкеде үлкенің қадірі жоғары тұрады. Кішілер айтқанын тыңдайды, құймақұлақтар әңгімелерін бойға сіңіреді. Сөйтіп, өмір бақи рухани азық ретінде пайдаланып, қуаттанады.

қалады. 1921 жылғы аштықтың салқынын жиі еске алатын. Ең нәубетгі жылдар оның бойжеткен шағына тап келеді. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық зобаланын аса зор күйзеліспен айтатын. Тіпті, шешелердің өз баласын өзі

Әйтпесе, екі қарындасым бар ғой. Десе де, ер баланы ерекше көріп отыратын. Үнемі ер-азаматтың қадірлі екенін, олардың бойында ерекше тылсым болатынын, әйелдер қадірлеп, құрметтеп тұруы қажеттігін еске салушы еді. Кешегі отарлау кезеңінде, аштыққа, екінші дүниежүзілік соғыста ер кісілердің бәрі соғысқа аттанып, ел басына күн туғанда етігімен су кешкенін шежіре етіп айтатын. Сондай ғажайып адам еді.

Әлі есімде, менің 14 жасымда дүниеден озды. Соған дейін жалғыз ұл болып өстім. «Олжабайыма бір серік болмады-ау, болса есімін Серікбай қояр едім» деп аңсаумен өтті. Мүмкін, әжемнің тілеуі болар, інім кейіндеу туды. Мың тәубе! Бірақ өзінің жары да бір бала болғанын, кейіннен одан бес ұл, бір қыздың қалғанын мақтанышымен еске алатын. Әкем анда-санда малшы ауылға барып-қайтса, оралғанда оны «Мұрадыла» деп құшақтап сүйіп, құдды кішкентай баладай жақсы көретін. Өйткені, немерелерінің ішіндегі ең жақын тартатын, өзі тәрбиеленген баласы екен. Кісімен жақсы араласатын, орынды жерде сынап та алатын. Шежірені таңды таңға ұрып айтатыны да бар еді. Өзі тік мінез болатын. Онысын тағдыр қалыптастырған болар, кім білсін!?

Салт-дәстүр, қазақшылық, ру-шежіре, сый-қоде, ескі әзіл-қалжың бәрі-бәрінің майын тамызатын. Есепке жүйрік-тұғын. Ал егер кейісе, өнменіннен өткізіп жіберетін. Көшеде бір шақырым жердегі кісіні көретін. Көзі өткір, өзі рухты еді. Дүние салардан бір апта бұрын сырқаттанды. Дәуәжемді атамдар Шилелге өкетеіні деп дайындауда. Мен қимай жылап тұрмын. Қарындастарым да кимауда. Бізбен қоштасқандай болып, бұзық болмай, тәртіпті һәм тіл алғыш бала болып өсу керек екенімді айтып, өсиет қалдырды. Үйімізден шығып бара жатқан сәті, таяққа әрең сүйенгені, үстінде қазқы қамзолы, көйлегі, басында ақ жаулығы тағылған Дәуәжемнің осы бір көрінісі мәңгіге көз алдыма қалды. Мұны ешқашан ұмытпаймын. Ол кісімен бірге тарих жылжып, тағдырдың тағы бір кемесі көшкендей болды. Сағынамыз, іздейміз. Осындай текті халықтың ұрпағы екенімізге марқамыз. Мұны біз ешқандай ақын-жаушының кітабынан оқымадық. Бұл – біздің балалық шақта естіген естен кетпес шежіре еді. Біз соның бір парасын ғана шерттік...

Олжас ЖОЛДЫБАЙ



Әжем көрген нәубет

Сурет ашық дереккөзден алынды

Әже деп отырғаным – әкемнің әжесі. Біздер шөбересіміз. Ол кісі ғасырға жуық ғұмыр сүрді. Бұрынғының кісілерінің сүйегі асыл ғой, шіркін! Тік жүріп, тік тұратын. Өте намысқой болатын. Шырын есімі – Халиша. Анау-мынау қиыншылықты елемейтін. Қолынан бәрі келетін. Өзінің айтуынша, совхоздың каналын қазып, ауылға су әкеліпті.

жеп қойған сәттерін байқағанын, одан соң тасбақаның адалды көрсе шынғырып қашатынын әңгімелейтін. Бірақ мұның бәрі шарасыздықтан, амалсыздықтан жасалған деп ұғындыратын. Ал екінші дүниежүзілік соғыстың зары – өзінше бір бөлек шежіре.

Қазақтың «үйінде қария болса, жазулы тұрған хатпен тең» дейтіні бекер емес-ті. Сонда ашаршылықты көріп, түл жетім болғаны, одан біздің атамның тоғызыншы әйелі болып 60 жастағы егде адамға тұрмысқа шығып, одан алты бала туып, бағып-қағуы нағыз қайраткерлік екен ғой. Бүгінде шашамызға шаң жұқса, шап ете қаламыз. Заман қай жағына ауған, ә-ә?! Біздер әкеміздің әжесі болғандықтан үлкен екенін ескеріп «Дәуәж» деп кеткенбіз. Құдайға шүкір, осы күні үлкен әулетке айналдық. Менің танқалғаным, бұрынғы кісілер мықтырақ, қайраттырақ келеді деген рас екен. Қанша сырқаттанса да, төсек тартып ауырып қалған емес. Ақыл-есі бүгін күйінде дүние салды.

Баламыз ғой, өз ата-әжем жастау-тұғын. Олар Шилелде тұратын. Анда-санда соларға барып келсем, «жарығым, өзін келіп үйдің іші жарқырап қалды ғой» дейтін.

Өзі 1917 жылы Қазан төңкерісінің қарсаңында туыпты. Бәлкім, одан да әрі болар. Ол уақта қазіргейі туа салып, жеке күәлікті кім дайындап тұр дейсіз?! Әйтеуір сонымен не керек, қасиетті Түркістанда бойжетіпті. Әйрет Сұлтан кесенесінің мана-мында үйлері болыпты. Әкесі Ата-анан деген кісі наубайшы екен. Ал анасы Маржан болса термжолда істепті. Сол жерде пойыз қағып, қайтса болғанға ұқсайды. Отбасында екі қыз, бір ұлдан өзі ғана аман қалыпты.

Патша өкіметінің озбырлығынан Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі киелі діни, пәлсапалық, т.б. кітаптарды өртеп қалғанда, аспанға күс болып ұшыпты деген аңыз-әфсанасын айтатын. Заманның қиын кездері оны отбасынан айырады. Сөйтіп, бір атадан жалғыз тұяқ

Дүние дүрмек

ПОЛИЦИЯ ПСИХИКАЛЫҚ НАУҚАСТАР ШАҚЫРУЫНА БАРМАЙДЫ

Лондон полициясы биыл күзден бастап психикалық науқастар мен психикалық ауытқулары бар адамдардың шақыруына баруды тоқтатады. Бұл туралы Лондон полиция департаментінің басшысы Марк Роули хабарлаған.

«The Guardian» мәліметінше, психикалық ауытқулары бар адамдарға полиция қызметкерлерін жіберу құқық қорғаушылардың негізгі міндеттерін орындауға келергі келтіреді. Сондықтан, 31 тамыздан кейін мұндай шақыруларға денсаулық сақтау саласы қызметкерлері ғана баралы. Айта кетсек, Лондонның денсаулық сақтау қызметтері де персонал тапшылығы мен кептелістерден көп зардап шегеді.

15 МИЛЛИОН ВАКЦИНА ЖОЙЫЛАДЫ

Италияда коронавирусқа қарсы вакцинаның 15 миллион дозасы жойылады. Себебі дәрі-дәрмектердің жарамдылық мерзімі жылдың соңында аяқталады. Оған қоса, вакциналар ескірген болып саналады.

Фармацевтикалық компаниялар күзге дейін вакциналардың жаңа түрін шығаруды жоспарлап отыр. Еуропалық дәрі-дәрмек агенттігі вакцинация стратегиясы департаментінің басшысы Марко Кавалеридің айтуынша, агенттік омикрон штаммының жаңа түрлеріне қарсы препараттар әзірлеуді сұрады. Оған себеп – кейінгі айларда Қытайда желден тарап жатқан штамдарға ескі вакциналар қарсы тұра алмайды.

СМАРТФОН ҮШІН ЕКІ МИЛЛИОН ЛИТР СУ ТӨКІРГЕН

Үндістанның орталық бөлігіндегі Чхаттисгарх штатындағы Раджеш Вишвас есімді шенеунік селфиге түсіп жатқанда суға батып кеткен смартфонды үшін Херкхатт бөгетінде суды құрғатуға бұйрық берген.

Жергілікті сәуірлер телефонын таба алмаған соң, шенеунік дизельлік сорғыны жеткізу ақысын өзі төлеген. Суды сорғызуға үш күн кеткен.

ВВС хабарлауынша, бөгеттен шамамен екі миллион литр су шығарылған. Бұл алты шаршы шақырым ауыл шаруашылығы алқаптарын суаруға жеткілікті. Әрекеті саясаткерлердің сынына ұшырап, Вишвас қызметінен уақытша шеттетілді.

«СБ» ақпарат

Әрқайсынан жетеуден



Алматы қаласында жастар мен жасөспірімдер арасында таэквондодан өткен ҚР чемпионаты аяқталды. Оған 3 қала мен 17 облыстан спортшылар қатысты.

Бөзіклемдегі бәсекеде Сыр спортшылары 7 алтын, 7 күміс және 7 қола медаль еншіледі. Біріншілік қорытындысымен сырбайлықтар командалық есепте жасөспірімдер мен жастар арасында, яғни, қос кезеңде де II орын иеленді.

Бес күнге созылған тартысты ойынның нәтижесі бойынша сырбайлықтардан 7 спортшы көш бастады. Атап айтсақ, жасөспірімдер арасында Дінмұхаммед Толыбай, Нұрперзент Саматұлы, Торғын Әлімхан, Назерке Жанаберген және Нұрай Қазнабек үздіктер қатарынан көрінді. Ал жастар арасында Гүлназ Кайбулла мен Тоғжан Қазнабек жүзден жүйрік шықты. Женімпаз және жүлдегер командалар медаль, кубок, дипломдармен марапатталды.

Ақтөбедегі аламан



Ақтөбе қаласында 26-27 мамыр аралығында парадзододан тірек қимыл аппараты зақымдалған және көру қабілеті төмен спортшылар арасында ҚР VI Жазғы параолимпиада ойындары өтті.

Тартысты турнир Руслан Беркімбаев жаттықтыратын Сыр спортшылары тәуір нәтижеге қол жеткізді. Атап айтсақ, 73 келі салмақ дәрежесінде J2 Олжас Оразалыұлы I орынды қанжығасына байласа, J1 Бекзатхан Дүйсенбеков III орын иеленді.

Женімпаздар медаль және дипломдармен марапатталды.

«СБ» ақпарат